

№ 561-24

«26» 08 .2021ж.

Индустриялық кеңестің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриялық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» №566 бұйрығы негізінде

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Шымкент көлік колледжі ЖШС директорының 29.03.2021ж. №105-5 бұйрығына ішінара өзгерістер енгізілсін.

2. Индустриялық кеңестің құрамы қайта бекітілсін.

1. Сабденбеков А.М. – «ҚТЖ-ГП» - «ГП-Шымкент бөлімшесі» директордың орынбасары, индустриялық кеңес төрағасы;
2. Бахиев Д.Д. - ПЧ-53 Шымкент жол дистанциясының басшысы, индустриялық кеңес төрағасының орынбасары;
3. Байзахов Ғ.А. - «ВЧД - Арыс» вагон депосының бас инженері, индустриялық кеңес мүшесі;
4. Мырзахметов М.М. - «Арыс» стансасының бас инженері, индустриялық кеңес мүшесі;
5. Қалшабеков А.А. - «Қазығұрт» стансасының бас инженері, индустриялық кеңес мүшесі;
6. Сәрсенбаев Е.Т. - «ШЧ-37» ЖШС-нің бас инженері, индустриялық кеңес мүшесі;
7. Миралиев Х.Х. – «Шымкент Локомотив Сервис» ЖШС бас инженері, индустриялық кеңес мүшесі;
8. Тасполат Н.Н. - «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығының 2 курс студенті, индустриялық кеңес мүшесі;
9. Кубеев Н.С. – ШКК арнайы пәндерінің оқытушысы, хатшы;

Директоры



Е.Утебергенов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒARTY МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

М.ТЫНЫШПАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ШЫМКЕНТ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Е.Ш.Утебергенов

2024ж.

Индустриялық кеңестің
2024-2025 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары

Шымкент-2024

Индустриялық кеңестің жұмыс жоспары

Міндеттері:

- білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін олардың мазмұнын қарау;
- тәжірибелік сабақтарды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға, олардың қатысуын кеңейту үшін Сала кәсіпорындарымен байланысқа жәрдемдесу ;
- түлектерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін саланың ағымдағы үрдістері, технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;
- жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктеріне қатысты кеңес беру;
- колледждің оқу процесіне кәсіпорындарды тарту бойынша ұсыныстар қалыптастыру;
- студенттерге арналған шәкіртақылар мен сыйақыларды тағайындауда жәрдемдесу;
- колледжге сала кәсіпорындарымен серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу.

№	Жұмыстардың және қаралатын мәселелердің атауы	Орындау мерзімі	Түпкі нәтиже	Жауаптылар
	1. Отырыстар			
1.	1. Индустриялық кеңестің құрамын, төрағасы мен хатшысын сайлау. 2. Колледждің индустриялық кеңесі туралы ережені қарау және бекіту. 3. Индустриялық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және келісу. 07130600 – «Темір жолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», 07160500 – «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», 10410200 – «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», 07140700 – «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру», 07140900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», 07320800 – «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», 07160600 – «Темір жолда вагондар мен рефрижераторды жылжымалы құрамдарды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын қарау. 5. 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс бағдарламалары мен пәндер мен	тамыз	хаттама	директордың ОІ жөніндегі орынбасары, директордың ОӨІ жөніндегі орынбасары

	модульдер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау. 6. 2024 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелерін талқылау			
2.	1. 2024-2025 оқу жылына арналған тәжірибе және тағылымдама базаларын қарау. 2. Әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықтың жаңа түрлерін және колледждің оқу-материалдық базасын нығайту үшін, демеушілік қаражатты тарту мүмкіндіктерін талқылау. 3. Колледжге сала кәсіпорындарымен серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу.	қаңтар	хаттама	индустриялық кеңестің төрағасы, директордың ОІ жөніндегі орынбасары, индустриялық кеңестің хатшысы
3	1. Өндірістік машықтану қорытындылары бойынша конференцияларға және "бос орындар жәрмеңкесіне" жәрдемдесу және қатысу. 2. 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс есебін қарау, 2024-2025 оқу жылына жұмысты жоспарлау. 3. Колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу	маусым	хаттама	индустриялық кеңестің төрағасы, директордың ОІ жөніндегі орынбасары, индустриялық кеңестің хатшысы
	2. Ұйымдастыру жұмысы			
4	1. Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектендіруге (әзірлеуге) қатысу	қажет болған жағдайда	үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарлама	индустриялық кеңестің мүшелері директордың ОІ жөніндегі орынбасары
5	2. Бітіруші топ студенттерінің қорытынды аттестаттауына қатысу	оқу процесінің кестесіне сәйкес	қорытынды аттестаттау хаттамалары	индустриялық кеңестің мүшелері
6	3. Колледждің іс-шараларына қатысу (семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқалар).	қажет болған жағдайда	фото есеп	индустриялық кеңестің мүшелері
7	4. Өндірістік машықтанудан өтуге жәрдем көрсету	оқу процесінің кестесіне сәйкес	тәжірибе өтуге арналған шарттар	индустриялық кеңестің мүшелері
8	5. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу	жыл бойы	ЗТМО көшірмесі	индустриялық кеңестің мүшелері
9	6. Колледжге сала кәсіпорындарымен серіктестік қарым-қатынастарды дамытуға жәрдемдесу	қажет болған жағдайда	Шарттар	индустриялық кеңестің үшелері

Директордың өндіріс жөніндегі орынбасары



Б.Султанов

**М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар
академиясының**

Шымкент көлік колледжі

28.08.2024 ж. Хаттама № 1

«Индустриялық кеңестің»

МӘЖІЛІСІ

ИК төрағасы – Сабденбеков А.М

Хатшы – Кубеев Н.С.

Қатысқандар: колледж директоры – Утебергенов Е.Ш., ИК мүшелері
(қосымшада тіркелген)

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Индустриялық кеңестің құрамын, төрағасы мен хатшысын сайлау.
2. Колледждің индустриялық кеңесі туралы ережені қарау және бекіту.
3. Индустриялық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және келісу.
4. *«Темір жолдың электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» , «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», «Темір жолда вагондар мен рефрижераторды жылжымалы құрамдарды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын қарау.*
5. 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс бағдарламалары мен пәндер мен модульдер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қарау.
6. 2024 жылғы түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелерін талқылау

ТЫҢДАЛДЫ:

Индустриялық кеңес (ИК) төрағасы мәжілісті Сабденбеков А.М ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелерді таныстырып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша колледж директоры Е.Ш.Утебергенов Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында индустриалдық кеңестің қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымды бекіту туралы» 31 желтоқсан 2020 жылғы №566 бұйрығын негізге ала отырып Шымкент қаласы білім басқармасының «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы Шымкент көлік колледжі» ЖШС-нің базасында ұйымдастырылған индустриалдық кеңестің құрамымен таныстырып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша ИК төрағасы Сабденбеков А.М индустриялық кеңес консультативтік-кеңесші орган екенін, сонымен қатар ИК қызметінің негізгі мақсаты - ТЖКБ ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламаларының өзектілігі, сапасы мен стратегиялық қажеттілігіне қатысты консультациялар мен ұсынымдар беру болып табылатынын айтып өтті. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 25 тармақшасына сәйкес әзірленген ИК қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдағы ИК қызметінің тәртібімен, міндеттері мен функцияларымен таныстырып шықты. Сонымен қатар, ИК-ның жұмыс органы ТЖКБ ұйымын қолдау қызметі болып табылатынын және ол ИК отырыстарының күн тәртібін толтыратынын; ИК барлық шешімдерін ресімдеуді қамтамасыз ететінін; ТЖКБ беру ұйымы мен ИК мүшелері арасындағы жұмысты үйлестіретінін айтты. Төраға ИК пен комитеттердің отырыстарын шақырып, бағдарламаның тиісті жетекшісімен кеңес беру бойынша күн тәртібін айқындайды. Комитеттердің отырыстары Төрағаның немесе комитеттердің, бағдарлама кураторының немесе мүшелерінің көпшілігінің талап етуі бойынша жиі кездесу мүмкіндігімен жылына кемінде бір рет өткізілуі мүмкін екенін мәлімдеді.

ТЫҢДАЛДЫ:

«АР, ТҰ және ЖШ», «ТЖК және ЭЖ» бірлестік мүшелері, арнайы пәндер циклдік комиссия төрағалары Н.С.Кубеев, С.Б.Султанова өз баяндамаларында 2024-2025 оқу жылына түзілген Білім Бағдарламаларымен таныстырды. Баяндама барысында ИК мүшелеріне оқу жұмыс жоспарының мақсаты мен міндетін түсіндіріп өтті.

Арнайы пәндер циклдік комиссия төрағалары Н.С.Кубеев, С.Б.Султанова 07130600 –«Темір жолдың электротехникалық жүйелерін электрмен

жабдықтау, пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» , 07160500 – «Темір жолдың жылжымалы тартқыш құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету», 10410200 – «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару», 07140700 – «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру», 07140900 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар», 07320800 – «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», 07160600 – «Темір жолда вагондар мен рефрижераторды жылжымалы құрамдарды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету мамандықтары бойынша түзілген оқу жұмыс жоспарын презентация күйінде барлық ИК мүшелеріне баяндады. Оқу жұмыс жоспарларында оқытылатын модульдер әлеуметтік серіктестіктердің, комитет мүшелерімен ақылдасып жасалғаны айтылды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша ИК төрағасы Сабденбеков А.М оқу жұмыс жоспарларының бекітуге дауыс беруіне кезек берді. Дауыс берушілер саны толық оқу жұмыс жоспарын бекітуге дауыс берді.

Индустриялық кеңес төрағасы Сабденбеков А.М бүгінгі мәжіліске қатысқан ИК мүшелеріне өз алғысын білдіріп, бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелер толыққанды шешілгенін айтты.

ШЕШІМ :


1. Мамандықтардың <http://reestr24.talap.edu.kz/> сілтемесін басшылыққа ала отырып барлық оқу жұмыс жоспарлары бекітілсін.

ИК төрағасы



Сабденбеков А.М

Хатшы:



Кубеев Н.С.